



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

**«ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ӘЛЕМІ»**

оқу конгресі

**2019 жылдың 29-30 қараша күндері** ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен **Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойына** орай **«ӘБІШ ӘЛЕМІ»** тақырыбында оқу конгресін өткізеді.

**Оқу Конгресінің мақсаты** – аса құнды әлеуметтік функцияларға халықты ғылыми, шығармашылық және мәдени қоғамға назарын аудару. Сондай-ақ, Ә.Кекілбайұлының әдебиеті мен шығармашылығын, қазақ әдебиетінің құндылықтарын халықаралық ғылыми-білім беру жүйесінде насихаттау және көпшілікке тарату. Әр түрлі тақырыпта жазылған жазушының шығармаларын жаңа оқуға ынталандыру, жан-жақты талдап, оның сан қырлы талантын түсіндіру, жазушының есімін әлемдік қауымдастыққа танымал ету.

**«Әбіш әлемі» фотогалереясы** жазушының ғибратты ғұмыры мен творчествосына арналады. Мемлекет және қоғам қайраткерінің толағай тұлғасын айқындайтын әдебиеттері мен шығармашылықтың шыңына жеткен рухани мол қазынасы оқырмандар назарына ұсынылады. Жазушының шығармашылығына байланысты еңбектері мен оның өмір жолынан алынған **фотосуреттерден көрме** қойылады. Көрмеде абыз тұлға, қаламгердің көзі тірісіндегі ең жарқын сәттері бейнеленген 40-тан астам суреттері қойылады.

**Ә.Кекілбайұлының марапаттар жинағында** «Қазақстан мен шет елдерден алған наградалар» тақырыпта жазушының шығармашылық және еңбек қызметінің тарихи оқиғаларын куәландыратын Әбіш Кекілбаевтың марапаттарын көрсету үшін орналастырылды. Бұл көрме жазушының жетістіктері туралы ақпараттар ұсынады. Сыйлықтар жазушының қызметі, тарихи және көркемдік құндылығына ие болған оның дамуына қосқан үлесін көрсетеді. Көрмеде оның жұмысы мен жетістіктері туралы баяндайтын 100-ден астам марапаттар, дипломдар мен алғыс хаттар қойылады. Атап айтқанда, *Құрмет ордені, Отан ордені, Қазақстанның Еңбек Ері ордені, Достастық ордені, ҚР Тұңғыш Президенті ордені, Қазақстанның Мемлекеттік Сыйлығының иегері, Елбасының бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, «Платинум Тарлан» сыйлығының иегері және т.б. марапаттары бар.*

Сондай-ақ, 1979 жылы өткен екінші халықаралық кітап көрмесінің жүргізілген сауалнама бойынша әлемге танымал **«XX ғасырдың таңдаулы жазушылары»** тізімінің жүздігіне және түркі халықтары жазушылары арасындағы **Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов және Әбіш Кекілбайұлы** болып үштікке енді.

**«Әдеби кездесуге»** Кекілбаевтар отбасынан атап айтқанда, кемеңгер жазушының жан жары *Клара Жұмабайқызы*, ұлы *Дәулет Кекілбаев*, қыздары *Зәузат және Сәуле Кекілбаевалар*, немересі *Абыл Кекілбаев* және шөбересі *Әділ Кекілбай Абылұлы* қатысады. Кездесу барысында жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында әңгімелер айтылады. Сондай-ақ, *Әбіш Кекілбайұлы мен анасы Айсәуленің образдары көрсетіледі. (Фотосессия)*

**Әбіш Кекілбайұлы** 1939 жылы 6 желтоқсан, Маңғыстау облысы Оңды ауылында дүниеге келген. **Жары** - *Клара Жұмабайқызы*. Екі ұлы және екі қызы бар. **Ұлдары:** *Әулет, Дәулет*. **Қыздары:** *Заузат, Сәулет*.

**Немерелері:** Динара, Абул, Жібек, Зухра, Батухан, Баязит, Елдар, Алуа, Санат. **Шөберелері:** Хадиша, Інжу, Алина, Әділ, Арлен, Айбеке. **«Шыңырау»** көркем фильмінің шығармашылық тобымен кездесу барысында көркем таспаның түсірілімі және Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласында, Түпқараған және Шетпе ауылдарының маңында өткені жайында баяндалады. Сондай-ақ, фильмде көрсетілген адамдар мен қоғам арасындағы оқиғалар, махаббат, достық және отбасы құндылықтары жайында әңгімелер қозғалады. Фильм 2017 жылы түсірілген.

Фильмнің режиссеры – **Жаңабек Жетіруов**. Басты рөлдердегі актерлер: Еңсеп - **Алдабек Шалбаев**, Жомарт (Еңсептің ұлы) **Асылхан Төлепов**, Ақмоншақ (Қалпақтың қызы) - **Жетіру Айжан**, Оспан - **Мақсат Сәбитов**, Қалпақ - **Мұхамбетжан Мырзакеев**.

Жазушының **«Ұйқыдағы арудың оянуы»** кітабының желісі бойынша түсіріліген деректі фильм. Бұл фильмде Маңғыстау өлкесінің табиғаты, тарихи естерткіштері, сауда жолдары, архив деректері, тарихи зерттеулері академиктер мен археологтардың, тарихшылардың, саяхатшылардың зерттеулері қамтылған. Сондай-ақ, Әбіштің анасы мен балалық шағынан және жазушының геолог Қариямен үзінді қойылымы арнайы фильмге арқау болды.

Фильмде жазушының анасының рөлінде - **Айгерім Жолдасбаева**, 7 жасар Әбішті **Әділ Кекілбай Абылұлы** (Әбіш атаның шөбересі), геолог Қария Иван Иванович Бок – **Алқажан Еділбаев**, 10 жасар Әбішті – **Ермұхаммед Әлібиұлы** (Әбіш атаның немересі) сомдайды. Фильмнің бас продюссеры, көркемдік жетекшісі – **Оралбек Сарыбасов**, қоюшы-режиссеры **Ақбөбек Тұлжан**.

**Сондай-ақ, Конгресс АЯСЫНДА Әбіш Кекілбайұлының 20 томдық кітапарының тұсаукесері ӨТЕДІ. Кітап 2019 жылы**

# «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС басып шығарған.

Сондай-ақ, «Әбіш әлемі» әдеби байқауы мен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қорытындысы жарияланып, жеңімпаздар марапатталады.

«Әбіш әлемі» шығармашылық байқауды өткізудің мақсаты – әр түрлі тақырыптарға жазылған жазушының шығармаларын жан-жақты талдау арқылы оның көп қырлы талантын ұғынуды, оның әлемдік қоғамның атын мақұлдауды жаңа оқуға ынталандыру болып табылады. Байқауға 300-ден астам шығарма түсті (оның 198-ы проза, 111-і поэзия, 2-і бейнематериал).

«Әбіш әлемі» шығармашылық конкурсы келесі номинациялар бойынша жарияланды:

«Әбіш Кекілбаев – заңғар жазушы» (қаламгерлік қыр-сыры),

«Әбіш Кекілбаев – заманауи ойшыл» (философиялық көзқарасы),

«Әбіш Кекілбаев – сырлы суреткер» (шығармашылық шеберлігі),

«Әбіш Кекілбаев – айшықты ақын» (ақындық қолтаңбасы),

«Әбіш Кекілбаев – тағылымды тарихшы» (шежіреші-тарихшылдығы),

«Әбіш Кекілбаев – ғұлама ғалым» (ғылыми-зерттеушілігі),

«Әбіш Кекілбаев – сындарлы сыншы» (шыншыл-сыншылдығы),

«Әбіш Кекілбаев – сұңғыла саясаткер» (ішкі-сыртқы саясаттың білгірі),

«Әбіш Кекілбаев – қоғам қайраткері» (әлеуметтік-қоғамдық қызметі),

«Әбіш Кекілбаев – ұлағатты ұстаз» (ұстаз–шәкірт сабақтастығы),

«Әбіш Кекілбаев – кемеңгер көсемсөзші» (публицистік қызметі),

«Әбіш Кекілбаев – білікті білімпаз» (түпсіз терең білімдарлығы),

«Әбіш Кекілбаев – талантты тәржімашы» (телнұсқа туындыгер),

«Әбіш Кекілбаев – абыз, әулие» (болашақты болжампаздығы),

*«Әбіш Кекілбаев – патриот өлкетанушы» (туған жер тарихы),  
«Әбіш Кекілбаев – этнограф-ғалым» (тұрмыс-салт зерттеушісі),  
«Әбіш Кекілбаев – өнер зерттеушісі» (әншілік, күйшілік өнер),  
«Әбіш Кекілбаев – дархан мінез» (мінезі бай тұлға),  
«Әбіш Кекілбаев – асыл азамат» (азаматтық-ұстанымдық қасиеттері),  
«Әбіш Кекілбаев – үлгілі отбасы иесі» (отбасылық тәлім-тәрбиесі).*

**«Бір ел - бір кітап»** республикалық акциясының қазылар алқасының шешімімен 2019 жылы Қазақстандағы жалпы оқуға арналған кітаптардан Қазақстанның халық жазушысы **Әбіш Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры»** шығармасы таңдап алынды.

Іс-шара барысында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі **Дәурен Абаевтың** қолдауымен **АҚШ, Венгрия, Германия, Ресей, Түркия, Франция, Испания** зиялы қауым өкілдерінің бейне құттықтауларының тұсаукесері өтеді.

Әбіш Кекілбаев шығармаларын неміс тіліне аударушы **Кристина Лихтенфильд** (Германия), Әбіш Кекілбаевтың қазақ әдебиеті антологиясына арналған «Тасбақа шөбі» әңгімесінің аудармашысы **Филипп Риго** (Франция), прозаик, драматург, аудармашы, сценарист, **Ким Анатолий Андреевич** (Ресей), «Үркер» кітабын аударушы **Динара Дүйсебаева** (Түркия), Лакителек ұлттық университетінің шығыстану кафедрасының қазақ тілі мұғалімі **Оңайша Мандокидың** (Венгрия) бейне құттықтауларының көрсетілімі өтеді.

Іс-шара барысында жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы бойынша сахналық көріністер мен романынан үзінділер шет тілдерінде оқылады.

Конгрестің екінші күнінде **Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде** орналасқан жазушының кабинетімен танысу, Ұлттық патеонға бару және мәдени ошақтарға экскурсия

жасалып, шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің Қазақстан кітапханашыларымен кездесуі мен марпаттау рәсімі өтеді. Сондай-ақ, Фариза Оңғарсынова атындағы медиацентрдің ашылуы өтеді.

**Әбіш Кекілбайұлы** – сан қырлы тұлға. Ол – талантты жазушы, әдебиеттің жанашыры, филолог, аудармашы, энциклопедиялық білімі бар тарихшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің құрметті профессоры болды.

*«Әбіш Кекілбаев – халқымыздың рухани, саяси және әлеуметтік өміріндегі ерекше құбылыс. Ол құбылыс тұтас және терең әлем. Әрине, оның шығармашылығымен әлі де бірнеше ұрпақ өседі. Ол рухани ұлы тұлға»*, - деп ақын **Темірхан Медетбек** жазған болатын.

Ал жазушы **Дулат Исабеков**: *«Баяу оқу өнері «Қазақ прозасында Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және «Соңғы парыз», Әбіш Кекілбаевтың «Шоқжұлдыз» және «Таңға дейін» сияқты ауқымды, жан-жақты туындыларының пайда болуымен жаңа түсінік пайда болғанын атап өткен жөн». Нақты, құнды әдебиет оқырманнан байыпты қатынасты талап етеді. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын жанкүйерлері мен оқырмандары әрқашан жауапкершілікпен оқыды. Әбіштің шығармаларын оқырмандары ғана бағалай алады және шығармашылығына нақты баға береді. Бүгінгі таңда оның есімі танымал көркем әдебиет шеберлерінің қасында тұр. Ол қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты, өйткені ол өз кітаптарымен өзінің туған мәдениетінің көкжиегін итермелеген», - деп атап өтеді.*

*ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы базасындағы Қазақстанның Ұлттық электронды кітапханасында жазушының кітаптары мен ол туралы материалдар, аудармалары 200-ге жуық контенті бар. Оның ішінде 135 кітабының (104-і қазақша, 27-і орысша, 15-і басқа тілдерде) электронды нұсқасы берілген. Жазушының кітаптары бірнеше тілге аударылды: ағылшын, болгар, венгер, грек, италия, моңғол, неміс, орыс, серб, түрік, украин, чех, француз, қытай, эстон және т.б.*

Ә. Кекілбайұлы Ги де Мопассанның «Пьер и Жан», «Өмір», Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романдарын (жеке тараулар), И. Буниннің, А. Чеховтың, Г.Ибсеннің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударды. Еліміздің көптеген театрларының репертуарына Әбіш Кекілбайұлының аудармасы К. Гоццидің «Король Лир» және «Ромео мен Джульетта», Шекспирдің үздік пьесалары, Ибсеннің «Привидение», М. Фриштің «Дон Жуан или Любовь к геометрии», М. Каримнің «В ночь лунного затмения» және т.б. қойылды.

**Іс-шараның модераторлары – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы, ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары Маралтай Раймыбекұлы, журналист, жазушы, республикалық «Алтын тобылғы» және «Алтын қалам» республикалық әдеби байқауларының лауреаты Есболат Айдабосын.**

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы **Қырымбек Көшербаев**, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары **Бердібек Сапарбаев**, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі **Ақтоты Райымқұлова**, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі **Асхат Аймағамбетов**, ҚР Ақпарат

және қоғамдық даму министрі **Дәурен Абаев**, Маңғыстау облысының әкімі **Серікбай Тұрымов**, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **Алтай Көлгінов**, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы **Мырзатай Жолдасбеков**, прозашы, драматург, аудармашы (Мәскеу, Ресей Федерациясы) **Анатолий Ким**, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы **Ұлықбек Есдәулет**, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Төлен Әбдік**, ТҮРКСОЙ халықаралық түркі мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту ұйымының Бас хатшысы (Анкара, Түркия) **Дүйсен Қасейінов**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық Түркі академиясының президенті, "Егемен Қазақстан" республикалық газеті АҚ Басқарма Төрағасы **Дархан Қыдырәлі**, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасындағы Қырғызстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі **Жээнбек Кулубаев**, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары **Жансейіт Түймебаев**, Атырау облысының әкімі **Нұрлан Ноғаев**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры **Ерлан Сыдықов**, ақын, жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы, ТМД елдерінің Мемлекетаралық гуманитарлық ынтымақтастық қорының «Достастық жұлдыздары» мемлекетаралық премиясының лауреаты **Есенғали Раушанов**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті **Оңайгүл Тұржан**, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы **Дәурен Қуат**, ақын, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі **Жанат Аймухамбетова**, «Шыңырау» көркем фильмнің режиссері және сценарий авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық кинофестивальдар мен байқаулардың лауреаты **Жанабек Жетіруов**, ақын, драматург, аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағы, Еуразия Жазушылар Одағының мүшесі **Маржан Ершу**, PhD докторы, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық



университетінің оқытушысы, Қазақстан Жастар одағының «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты **Тамара Асар**, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі **Талғат Теменов**, Фолиант» баспасының директоры **Нұрлан Исабеков**, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының Төрағасы **Азат Перуашев**, этнодизайнер, «Алтын Орда» авторлық дизайн Үйінің негізін қалаушы **Ырза Тұрсынзада**, «Қазақ әуендері» АҚ Президенті **Қайрат Камзин**, ҚР БСФ Бильярд спорты федерациясының бірінші вице-президенті, директордың орынбасары **Әділ Шаяхметов** және т.б. қатысады.

**Жиын барысында сұхбат беретіндер: Клара Жұмабайқызы, Төлен Әбдік, Мереке Құлкенов, Жаңабек Жетіруов, Оралбек Сарбасов және т.б.**